«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6D011800, 8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті», «6D020500 – Филология», «8D02307 – Қазақ филологиясы», «8D02308 – Орыс филологиясы», «6D021400, 8D02304 – Әдебиеттану», мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалар **(аккредитация лицензиясының мерзімі келесі сілтемеде көрсетілген: https://farabi.university/university/licenses?&active_tab_order=undefined,** 8D023 – Тілдер және әдебиет**,** 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау бағыттары бойынша диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. **Өткізілген мәжілістердің саны туралы деректер.** Есеп беру кезеңінде 19 мәжіліс өткізілді.

2. **2025 жылы диссертацияларын қорғаған докоранттардың тізімі (мамандықтар тізімі хронологиялық тәртіппен кестеде келтірілген)**

№	Докоранттың Т.А.Ә.	Оқу орны
«6D021400, 8D02304 – Әдебиеттану»		
1	Жалғасбаева Қанағат Баймуратовна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
2	Қабдешова Құралай Ахметқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бірлескен бағдарламасы
3	Керімбек Жылбек Сенбекұлы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бірлескен бағдарламасы
4	Кенжеқожаева Ақбота	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
«6D011800, 8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті»		
5	Искендир Аккуралай Абдуалиевна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті

6	Аден Жансая Шүкірқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
7	Жүнісбекова Әсел Серікқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
8	Тілеубай Гүлбану Қашқынбайқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
9	Саяхмет Салиха Санатқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
10	Еңсебай Гульназ Ерболқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
«6D020500 – Филология», «8D02307 – Қазақ филологиясы»		
11	Рамазанов Талғат Бекбулатович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
12	Ильясова Назгуль Бултириковна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
13	Нурбеков Талғат Балтабекович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
14	Олжабаев Бекарыс Кобланулы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
15	Сейсенқұл Өміржан	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
16	Сейдамат Әсел Қазбекқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлескен бағдарлама

17	Кембаева Айнур Тураровна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
18	Халым Бота	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті
«8D02308 – Орыс филологиясы»		
19	Утебекова Арай Саяновна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті

3. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау жасау.

Қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау, диссертация тақырыптарының ұлттық мемлекеттік және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы.

Жалғасбаева Қ.Б. Диссертация тақырыбы: «Түркі халықтары айтысының трансформациялануы». Зерттеу жұмысының өзектілігі түркі халықтарына ортақ мұра айтыс өнерінің кешегі өткені мен бүгінгі күнге жеткен нұсқалары бойынша ортақ сипаттары мен дара ерекшеліктерін қарастыру зерттеу нысанына алып отырған жанрдың қыры мен сырын аша түсері анық. Айтыс түрлі салтанатты жиындарда, мереке күндерінде ұйымдастырылып, халық назарына ұсынылып келеді. Үнемі халықтың көңілінен шығып, халықты сағаттап, тапжылмастан тыңдата алатын дәрежеге жетті. Қазіргі таңда айтыс интернет фольклорында (е-фольклорында) және кез келген уақытта көруге мүмкіндік мол. Соның арқасында айтыстың аудиториясы кеңейіп, асыл мұрамыз күннен күнге жаңғыруда. Айтыс табиғаты мен оның түркілік рухани кеңістіктен алатын орнын зерделеу – зерттеу жұмысының өзекті мәселесінің бірі.

Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.

Рамазанов Т.Б. Диссертация тақырыбы: «Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері». Диссертациялық жұмыс диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан сөйлеу актісі негізінде қарастырылғанымен, қазақ тілінде арнайы тақырып ретінде кешенді зерттелмегендігі белгілі.

Сөйлеу актісіндегі диалог ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулердің

болуына қарамастан, көркем мәтіндегі диалогті прагматикалық және антропоөзектік көзқарастардың қолданылуы тұрғысынан зерттеу маңызды болып табылады.

Сөйлеу өмірден ажырамайды, ол адам қызметінің бір бөлігіне айналған. Диалогтік сөйлеу – бұл коммуниканттар арасындағы белгілі бір жағдайдағы қарым-қатынас кезінде пайда болатын сөйлеу қызметінің процесі әрі оның нәтижесі, яғни мәтін. Диалогті сөйлеу әрекеті ретінде зерттеуде прагматикалық және антропоөзектік көзқарастардың қолданылуы, осы орайда адамға, оның әртүрлі әлеуметтік, психологиялық және тұлғалық сипаттамаларына назар аудару бұл тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Тілді зерттеуде «тілдегі адамды» тану мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Тілді тек тілдік бірліктер мен олардың өзара байланысының қатаң құрылымды жүйесі деп түсінуге болмайды, ол - қатысым құралы.

Диалог лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыда өте күрделі категория деп саналады. Дәл осы диалогте ғана тілдік бірліктердің семантикалық мағыналары біріге келіп ерекше прагматикалық құрылым түзеді. Диалогті ұйымдастыру барысында тілден өзге барлық сыртқы факторларды өз бойына жинақтаған коммуникативтік орта қалыптасады. Осылармен байланысты тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, прагматикалық мақсаты, сөйлеу актілері теориясы, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативті-прагматикалық категорияларының өзектілігі артып отыр.

Зерттеу жұмысы ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылы халыққа жолдауында айтылған Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту мен ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру міндеттеріне сәйкес келеді. Сондай-ақ, Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.

Ильясова Н.Б. Диссертация тақырыбы: «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы».

Диссертацияда Лингвотекстологиялық ғылыми зерттеулер жүргізу барысында шығарма стилі мен палеографиялық зерттеулер арқылы автордың тілін анықтауға, түпнұсқаны қайта қалпына келтіруге болатындығы және тұрақты мәтін қалыптастыру қазіргі лингвотекстологияның басты міндеті болып табылатындығы бағамдалды.

Лингвотекстологияда орта ғасыр ескерткіші авторының өз қолтаңбасымен жазған еңбегі біздің дәуірімізге келіп жетпегендіктен оның А, Ә, Б көшірмелерінің пайда болған мезгілдері, көшірушінің сауаттылығы мен ұқыптылығына байланысты, нұсқалардың сақталу сипатына орай көптеген фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ерекшеліктер мен өзгешеліктерді анықтау қарастырылды.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі жоғары, сол себепті отандық ғылымға өзіндік үлес қосатыны анық. Зерттеу нысанын оңтайлы жүйелеу және тақырыптың маңыздылығын айқындау нәтижесіне қарағанда диссертациялық зерттеудің тақырыбы толықтай ашылған.

Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысы); Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты басым бағыттарына сәйкес келеді.

Искендир А.А. Диссертация тақырыбы: «Эпистолярлық дискурс: коммуникативтік және лингводидактикалық әлеует». Диссертацияның өзектілігі бірнеше факторға негізделген:

1) Н.Т. Саурынбаев, Д.А. Монгуш, А.С. Аманжолов, И.Г. Добродомов, Э.Р. Тенишев және т.б. секілді ғалымдардың отбасылық мұрағаттық қорларына жүгіну арқылы оларды бірнеше тіл меңгерген және ұлттық мәдениет, ұлттық мектептің лингвистикалық және педагогикалық танымын дамытуға елеулі үлес қосқан элитарлық тіл мәдениетінің тасымалдаушылары ретінде сипаттауға мүмкіндік береді; 2) түрлі кезеңдерге жататын және өз ой-пікірлерін хат бетіне түсірген көрнекті тұлғалардың шығармашылығын қамтитын мәтіндерді кешенді зерттеу, бұл мәтіндер осы уақытқа дейін әлі зерттелмеген әрі лингвистика мен лингводидактика үшін аса өзекті; 3) қазақстандық филолог ғалымдардың мұрағаттық материалдарын ғылыми айналымға алғаш рет енгізу және оларды коммуникативтік және лингводидактикалық әлеует тұрғысынан талдау; 4) кәсіби ортадағы тұлғааралық қатысым мәселелеріне, сондай-ақ, білім беру практикасында эпистолярлық мәтіндерді пайдаланудың педагогикалық аспектілеріне қызығушылықтардың артуы да бұл зерттеудің өзектілігін арттыра түседі. Лингвист ғалымдардың хаттарын зерттеу олардың ғылыми жетістіктерін жақсырақ түсінумен қатар, талданатын мәтіндердің лингводидактикалық әлеуетін анықтай отырып, ғылыми хабарламаларда пайдаланылатын тілдің ерекшеліктерін айқындауға да мүмкіндік береді.

Ғалым-филологтардың эпистолярлық дискурсын кешенді талдауға, оның коммуникативтік және лингводидактикалық әлеуетін айқындауға және оларды филолог-маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысынан қарастыруға арналған диссертация тақырыбы қазіргі ғылымның басым бағыттарының бірі – Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Білім беру және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Қазақстанның жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сай орындалған. Зерттеу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы PhD диссертацияларын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің бейініне сәйкес келеді.

Нурбеков Т.Б. Диссертация тақырыбы: «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі». Қазіргі қазақ тіл білімінде әлемнің тілдік бейнесі туралы теориялық мәселе өзекті ғылыми проблемалардың бірі санатында. Әлемдік тіл білімінде де, сондай-ақ, қазақ тіл білімінде де тілдің лексика-семантикалық құрылымын терең зерттеу, зерделеу нәтижелері тілдік мағынаны менталдық феномен ретінде қарастырып, ойлаудың концептуалдық құрылымы ретінде тану қажеттігін алға тартты. А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастау алатын қазақ тіл білімінде лексика-семантикалық құрылым терең зерттелді деуге толық негіз бар. Бұл зерттеулер негізінде жасалған ғылыми тұжырымдар тілдік бірліктердің қолданысында әр тұлғаның когнитивтік (танымдық) ерекшелігі айқындалатынын, мәтінді қабылдау мен түсінудің негізінде әрі мәтін арқылы қабылданатын ақпараттың мәнінде менталдық ұлттық ерекшелік болатыны дәлелденді. Сөйтіп қазақ тіл білімінің кейінгі дамуында тілде көрініс табатын «әлем бейнесін» зерттеудің өзектілігі артты.

Қазақстан Республикасын 2050 жылға дейін дамыту стратегиясының 4-ші басымдығы: «Білім беру және кәсіби даярлық – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, кадрларды даярлау және қайта даярлаудың негізгі бағыты» және халықаралық аренада қазақ тілінің қолданысын өрістету міндеттерінің қалай іске асып жатқанын зерттеу ғалымдардың мемлекеттік бағдарламаға сәйкес міндеттерінің біріне жатады. Бұл тұрғыдан диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламаға толығымен сәйкес келеді. Сондай-ақ, Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.

Олжабаев Б.К. Диссертация тақырыбы: «Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі». Халық танымының нәтижесі саналатын фольклорды бірнеше саланың тоғысында зерттеу диссертациялық жұмыстың өзектілігін түрлі қырынан айқындайды. Өйткені бүгінгі таңда антропоөзектік парадигманың дамуымен фольклортану саласын жаңа бағытта зерттеудің қажеттілігі туындады. «Құндылық», «Мәдени білімнің көрсеткіші» ретіндегі «концепт» ұғымы жайлы зерттеулер бұл саладағы танымдық теорияның дамуына әсер етті. Фольклорды жаңа ғылыми тенденция негізінде зерттеп-зерделеу бірнеше ғасыр бойы жинақталған ақпараттарды, ментальды болмысты айқындауға мүмкіндік береді. Осы негізде диссертациялық жұмыстың өзектілігі түркі халықтарының фольклорында көрініс беретін «туған жер» концептісін жаңа көзқараста, яғни когнитивтік әдебиеттану аясында қарастыру. Диссертациялық жұмыста негізгі ұғымдар ретінде: фольклор, топонимдік фольклор, түркі халықтарының фольклоры, когнитивтік әдебиеттану, когнитивтік лингвистика алынған. Аталған ұғымдарды бірлікте, тұтастықта зерттеу халқымыздың этномәдени санасында, танымында қалыптасқан «туған жер» концептісі жайлы терең ақпарат алуға мүмкіндік береді. «Туған жер» концептісі ұлттық бірегейлік, ұлттық сана, ұлттық болмыс сынды ұғымдармен айқындала түседі. Сонымен бірге фольклорлық шығармаларда «туған жер» концептісі фольклорлық концепт және көркем концепт ретінде архетиптік образдар мен мотивтер жүйесінде

қарастырылады. Осыған байланысты «туған жер» концептісі барша түркі халқына ортақ негізгі көзқарастары, ұстанымдары, әлем мен кеңістік жайлы ақпараттарды жинақтайды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (КР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.).

Қабдешова Қ.А. Диссертация тақырыбы: «Авторлық тарихи жырлар: эпикалық дәстүр, тарихи жад, ұлт-азаттық идея (Жетісу халық ақындарының қолжазба мұраларының негізінде)». Қазіргі ұлт руханиятының тарихын түгендеу ісінде бұған дейінгі атқарылған қыруар істермен сабақтас жатқан мәселе – Қазақстанның әрбір аймағындағы тарихи оқиғаларға негізделген авторлық тарихи жырларды арнайы зерттеу. Бұл бүгінгі ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, тарихи оқиға мен әдебиеттің қарым-қатынасын жаңаша зерделеу бүгінгі күннің өзекті, аса зәру мәселелерінің маңызын айғақтайды. Қазақтың ұлттық сөз өнерінің елеулі әрі көлемді мұрасы болып табылатын авторлық тарихи жырларда әлі айтылмаған ақиқат, ашылмаған шындық мол. Бүгінгі жас ұрпаққа өз ұлтының тарихын жете танып, тарих сабақтарынан тағылым ала отырып, Отанын сүю, патриотизмге баулу үшін де авторлық тарихи жырларды танып-білудің маңызы зор. Бүгінгі тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жете түсініп, осы жолда жанын құрбан еткен ұлттық батырлардың рухын ардақтау, халқымыздың бостандық, еркіндік сүйгіш қасиетін таныту үшін де маңызы зор. Сонымен қатар авторлық тарихи жырларды зерттеу қазақтың эпикалық дәстүрінен жазба әдебиетіне ойысуының ұзақ тарихи жолын танып-білу үшін де маңызды.

Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 98 қаулысы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.

Сейсенқұл Ө. Диссертация тақырыбы: «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы». Абайдың рухани мұрасы қазіргі таңда тұтас адамзаттың рухани қазынасына айналып отыр. Абай – қазақ халқының рухани қазынасын өзіндік шығармаларымен байытқан әлемдік деңгейдегі ақыл-ой иесі. Сондықтан да, қытайдағы қазақ қаламгерлерінің Абайдан үлгі-өнеге алуы

мен дәстүр жалғастығындағы жаңашылдық мәселелерінің кеңінен қарастырылуы зерттеу тақырыбының өзектілігін танытса керек.

Қытай қазақтары Абай шығармашылығымен өткен ғасырдың бастапқы кезеңінен бастап танысып, өздерінің рухани өміріне арқау етіп, әлеуметтік-мәдени көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына тірек етіп келеді. Әрине, Абай шығармалары мен оның әлеуметтік ой таным жүйесі екі елдегі бір ұлтқа екі түрлі жолмен тарағаны белгілі. Ендеше, қытай қазақтарының абайтануының сыр-сипатын, себеп-салдарын сараптау – бүгінгі Абай мұрасын зерттеудегі аса маңызды мәселе болып табылады.

Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.

Әден Ж.Ш. Диссертация тақырыбы: «Қазақстан мектептерінің оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастыру: антропологиялық аспект». Орыс тілін оқыту әдістемесі үнемі жетілдіріліп отырса да, билингвалды тұлғаны қалыптастыру мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда екі тілді еркін меңгерген, жаһандық әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдар жасай алатын тұлғаны дайындау қажеттігі туындауда. Орыс тілін оқыту әдістемесінің негізінде оны таңбалар жүйесі ретінде меңгеру қағидаты жатыр. Дегенмен, оқушылардың назары көбінесе орыс тілінің грамматикалық жағына бағытталған, ал қазақ және орыс тілдерін өзара байланыстыра оқытудың әлеуеті жеткілікті деңгейде пайдаланылмайды. Бастауыш мектепте орыс тілін оқытуда коммуникативтік және мәдениеттанушылық тәсілдерді дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар, оқушыларының тілдік, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ететін әдістемелік тәсілдерді әзірлеу маңызды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2022 жылғы 01.05. жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен); жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (МЖМБС) бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы; Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған.

Тілеубай Г.Қ. Диссертация тақырыбы: «Қазақстандық орыс әңгімесін талдаудың теориялық және әдістемелік аспектілері». Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше фактормен анықталады. Әңгіме жанры қазіргі эпикалық жанрлар арасында сұранысқа ие болып, әдеби журналдар мен басылымдарда жаңа әрі сапалы шығармалардың жарық көруімен дамып келеді. Бұл шығармаларды жүйелі зерттеу көркем прозаның эволюциясын терең түсінуге

мүмкіндік береді. Әңгіме жанрының трансформациясы мен модернизациясы оны жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Әңгіме мен повесть арасындағы жанрлық шекаралар шартты болғандықтан, жанр табиғатын зерттеу күрделенеді. Осы мәселелерді кешенді зерттеу әдебиеттанушылар үшін маңызды. Қазіргі қазақстандық авторлардың әңгімелерін зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындары мен мектептерде шағын прозаны оқытуда тиімді пайдалану оқу үдерісін байытады.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда, «Білім беру ғылымы» саласына толық сәйкес келеді.

Жүнісбаева Ә.С. Диссертация тақырыбы: «Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: оқу медиа жобалары».

Дәстүрлі құзыреттіліктерді де, жаңартылған кәсіби стандартқа енгізілгендерді де дамытуға бағытталған білім беру медиа жобаларының мүмкіндіктерін пайдалану өзекті болып табылады. Осы жағдайларда жоғарыда сипатталған тенденциялар мен жаңалықтарды ескере отырып, болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлаудың әдістемелік жүйесін жаңарту қажет және орынды болып отыр. Жаңа стандарттарға жауап беретін жоғары білікті маман даярлауға бағытталған әдістер мен технологиялардың жаңартылған арсеналын қамтитын инновациялық бағдарламаларды, әдістемелік ұсыныстарды, әдістемелік кешендерді әзірлеу қажет.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда, «Білім беру ғылымы» саласына толық сәйкес келеді. Зерттеу 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айқындалған өзекті міндеттерді шешуге бағытталған. Аталған міндеттер педагогикалық білім беруді жаңғыртуға, оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізуге және XXI ғасыр педагогтерінің негізгі құзыреттерін қалыптастыруға негізделген.

Диссертация тақырыбы еліміздің стратегиялық құжаттарында белгіленген білім беруді цифрландыру сын-қатерлеріне жауап береді және инновациялық білім беру технологияларын тиімді қолдана алатын бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған.

Диссертациялық жұмыс 2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған. Жоба тақырыбы: AP23489121 «Коллаборативті «мектеп–жоғары оқу орны» ортасы: Digital Humanities тұжырымдамасы аясында ғылыми жобаларды іске асыру», жоба жетекшісі - Бегалиева С.Б.

Саяхмет С.С. Диссертация тақырыбы: «Филологтың кәсіби дайындық барысында тілдік тұлға тезаурусының қалыптасуының лингводидактикалық аспектілері». Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру қоғамдастығына кірігу процесінде кәсіпқойлығы басқа салалар мен мәдениеттердің өкілдерімен кәсіби-іскерлік қарым-қатынасқа түсуге дайын маманның кәсіби коммуникативтік құзыреттілігінің деңгейі мен сапасына тікелей байланысты әртүрлі салалардың мамандарына еңбек нарығының

талаптары өзгерді. Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына кейбір педагогикалық ережелерді жоғары мектепте орыс тілін оқытудың теориясы мен практикасының соңғы жетістіктері тұрғысынан қайта қарау ықпал етеді.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда, «Білім беру ғылымы» саласына толық сәйкес келеді. Зерттеу педагогикалық білім беруді жаңғыртуға, оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізуге және XXI ғасыр педагогтерінің негізгі құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында қойылған өзекті міндеттерді шешуге бағытталған.

Керімбек Ж.С. Диссертация тақырыбы: «Түркі және қазақ әдебиетіндегі діни образдар жүйесі (XIX ғ.аяғы - XX ғ.басы)». Қазақ әдебиетінің тарихында діни-ағартушылық ағым, соның ішінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген кітаби ақындардың шығармашылығы ұзақ уақыт бойы зерттелмей келді. Бұған басты себеп - патшалық Ресей мен кейінгі кеңестік кезеңдегі дінге және діни дүниетанымға деген қатаң тыйымдар мен шектеулер болды. Әсіресе, патшалық Ресейдің отаршыл саясатының бір бағыты ретінде қазақ даласында миссионерлік сипаттағы орыс-түзем мектептерінің ашылуы, ислам діні мен түркілік рухани дәстүрді әлсіретуге бағытталды. Бұл жағдай діни мазмұндағы әдеби туындылардың ашық айналымда болуына кедергі келтіріп, олардың тек қолжазба күйінде сақталуына мәжбүр етті.

Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына толықтай сәйкес келеді. Атап айтқанда, бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының мына тарауы: 5) «Мәңгілік ел» ғылыми негіздеріне (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.) нақты үлес қосады (ЖҒТК, 27.04.2016 ж.).

Сейдамат Ә.Қ. Диссертация тақырыбы: «Қазіргі сөзқолданыс: стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының материалдары негізінде)». Соңғы онжылдықтарда қазақ мерзімді баспасөзінің тілдік және стильдік ерекшеліктері тілші ғалымдардың тұрақты назарында болып келеді. Бұл үрдіс қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен, оның қоғамдық-коммуникативтік қызметінің кеңеюімен, тілдік кеңістікті ұлттандыру үдерістерінің қарқынды сипат алуына тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ баспасөзінің тілі мен стилі қоғамдық санаға ықпал ететін, ақпарат тарату мен түсіндірудің пәрменді арнасы ретінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің стильдік белгілерін айқындайтын сөзқолданыс: а) ақпарат беруге қажетті стильаралық лексика; ә) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына қатысты билік пен халықтың арасындағы байланысты орнататын стандартталған тілдік бірліктер; б) осы проблемаларды жеткізу жолында қоғам мүшелерінің санасына ықпал ету үшін сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктер түрінде топтастырылды.

Қазақ тілтанымында көрсетілген қабаттардың әрқайсысы жеке-дара қарастырылып келгені белгілі. Әлемдік лингвистиканың өзінде де мерзімді баспасөздің стильдік белгілерін танытатын тілдік бірліктер қоғамдық-саяси

лексика деңгейінде ғана қарастырылады. Түркітанудағы зерттеулер де шетелдік зерттеулердің тұжырымдарын басшылыққа алады. Нақты айтқанда, әлемдік лингвистика мен түркітануда мерзімді баспасөздің тілі мен стиліне ортақ сөзқолданыс біртұтастықта зерттелмеген.

Бұл бағыт мемлекеттік тіл саясаты мен «Қазақстан – 2050» стратегиясы, сондай-ақ «Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейліктің негізі» қағидаттарына толық сәйкес келеді. Өйткені мерзімді баспасөздің тілі мемлекеттік тілдің қоғамдық-коммуникативтік қызметін кеңейтуге, ұлттық болмысты сақтауға және оны жаңа заман талаптарына сай жаңғыртуға қызмет етеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде, бұқаралық ақпарат құралдарының тәжірибесінде, стилистика мен сөз мәдениеті мәселелерін шешуде қолданбалы әрі теориялық тұрғыдан құнды болып табылады.

Кембаева А.Т. Диссертация тақырыбы: «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша)». Зерттеудің өзектілігін бүгінгі таңда антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің жандануы; тіл білімінде дискурсты түрлі қырынан зерттеуге бағытталған жаңа бағыттардың дамуы; пәнаралық зерттеулерге деген қызығушылықтың артуы; Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы бойынша іргелі лингвистикалық зерттеулердің болмауы; Шерхан Мұртаза тұлғасының этномәдени маңызы жоғары болуы сияқты фактормен негіздеуге болады. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халық жазушысы, қоғам қайраткері Ш. Мұртазаның мұрасын зерттеу қажеттігі қазіргі қоғам мен жеке адамның рухани кеңістігіндегі өзекті мәселелермен сабақтас. Сөз зергерінің мұрасын ғалым, жазушы, педагог, философ, қоғам қайраткері, баспагер, редактор ретінде әлеуметтік-кәсіби синкретизм тұрғысынан, ұжымдық әдеби шығармашылық өкілі ретінде топтық репрезентативтік қырынан қарастыру қажет. Бұл орайда Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын көп дискурсты тұлға ретінде сипаттай отырып, сөз зергерінің бойынан типтік және даралық белгілерді айқындау көзделді. Тақырыптың өзектілігін осы тұрғыдан да негіздеуге болады.

Зерттеу жұмысы ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылы халыққа жолдауында айтылған Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту мен ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру міндеттеріне сәйкес келеді. Сондай-ақ, Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.

Кенжекожаева А. Диссертация тақырыбы: «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі». Бүгінгі жаһандану жағдайында материалдық емес мәдени мұраны сақтау және насихаттау ісіне деген сұраныс артып келеді. Қожанасыр – анекдоттар, күлдіргі әңгімелер мен аңыз-тәмсілдердің ғана емес, сонымен қатар, көптеген түркі халықтарының рухани құндылықтарын бір арнаға тоғыстырған халықтық философияның әмбебап символы. Ол туралы туындыларда түркі руханиятына тән парасаттылық, әділдік пен өмірлік шындықты сын тұрғысынан бағалау дәстүрі үйлесім тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, Қожанасыр бейнесін зерттеу түркі

халықтарының дүниетанымы мен даналығын танытатын рухани бірегейлікті сақтап, оны нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарына сәйкес, оның ішінде «5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына да сәйкес келеді.

Утебекова А.С. Диссертация тақырыбы: «Қазақстанның орыс тілді әдебиетіндегі көркемдік-публицистикалық жанрлардың инварианттылығы».

Жанр категориясының эволюциясы жанрлық формаларды өзгерту, «өтпелі» жанрларды қалыптастыру, дәстүрлі жанрлардың стилін өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты, жалпы филология ғылымының және әсіресе жанр теориясының өзекті мәселелерінің бірі – мәтіннің жанрлық құрылымының теориялық моделі мен әдебиет шығармасының нақты формасы арасындағы байланысты іздеу болып табылады. Әдеби жанрлардың ішіндегі дәстүрлі қатынастар бұзылып, жанрлық нұсқалар мен инварианттардың, әртүрлі жанрлық формалардың белгілерін біріктіретін «шекаралық» мәтіндердің пайда болуына әкеледі. Бұл жағдайда жанрлық нұсқаның, инварианттың және олардың модификациясының арақатынасының күрделенуі байқалады. Әдебиет пен публицистиканың қиылысында жұмыс істейтін мұндай жанрларға жазушының күнделігі мен эссе жатады. Бұл жанрлардың әдебиетте ұзақ тарихы бар, ал соңғы онжылдықтарда белсенді даму барысында олар көркемдік көріністің жаңа формаларын алуда, бұл, әрине, ғылыми қызығушылық тудырады және диссертацияда жарияланған тақырыптың өзектілігін анықтайды.

Утебекова Арай Саяновнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласына сәйкес орындалған.

Диссертациялық зерттеу төмендегідей бағыттарға сай келеді: қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтастығы; филология саласындағы зерттеулер, көркем шығарма мәтінін әдебиет теориясы мен тарихы, жанрология және мәтін поэтикасы тұрғысынан зерттеудің жаңа қырлары.

Еңсебай Г.Е. Диссертация тақырыбы: «Студенттердің әдебиеттанымдық құзыреттілігін дамытуда инновациялық оқыту технологияларын қолданудың әдістемелік аспектілері». Таңдалған тақырыптың өзектілігі бірнеше факторлармен сипатталады. Біріншіден, қазіргі студенттер - цифрлық мәдениеттің өкілдері ретінде, білім беру үдерісінің олардың қабылдау ерекшеліктеріне және оқу стиліне бейімделуін

қажет етеді. Екіншіден, дәстүрлі әдебиет оқыту әдістері көбінесе студенттердің жеткілікті деңгейде қатысуын қамтамасыз етпей, олардың талдау дағдыларын дамытуға ықпал ете бермейді. Үшіншіден, инновациялық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау оқытуды жекелендірудің жаңа мүмкіндіктерін ашып, студенттердің әдебиеттануға деген мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда, «Білім беру ғылымы» саласына толық сәйкес келеді. Зерттеу білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айқындалған өзекті міндеттерді, атап айтқанда, оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу мен студенттердің әдебиеттанымдық құзыреттерін қалыптастыру мәселелерін шешуге бағытталған. Тақырыптың өзектілігі құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізуге және білім беруді цифрландыруға бағытталған мемлекеттік саясатпен айқындалады.

Халым Б. Диссертация тақырыбы: «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты (қазақ және ағылшын тілдері бойынша)». Зерттеудің өзектілігі қазіргі таңдағы туыс емес тілдер арасындағы салғастырмалы талдаудардың жандануы; қазақ және ағылшын тілдеріндегі «мінез» ұғымын айқындайтын лексика-фразеологизмдерді зерттеуге арналған жаңа бағыттардың, әдіс-тәсілдердің дамуы; туыс емес халықтар мен олардың тілдеріндегі «мінез» ұғымын, мінез түрлерінің сипатын анықтауға бағытталған іргелі лингвистикалық зерттеулердің сиректігі секілді факторларға негізделеді.

Зерттеу жұмысы ҚР Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына кірген тіл саясатын іске асыру тарауында айтылған міндеттер сәйкес келеді. Қазақ тілі Қазақстанда тұратын барлық этностарды топтастырудың маңызды тетігі және елдің рухани қазынасының қайнар көзі болып табылады.

4. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Филология диссертациялық кеңесінде қорғалған диссертациялық жұмыстардың нәтижелері ғылыми және білім беру практикасына кеңінен енгізілгенін көрсетеді. Зерттеулердің басым бөлігі тіл білімі, әдебиеттану, фольклортану және әдебиетті оқыту әдістемесінің өзекті мәселелеріне арналған және олардың нәтижелері жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде, элективті курстарда, арнайы семинарлар мен практикалық сабақтарда пайдаланылып келеді. Атап айтқанда, көркем мәтін, эпистолярлық дискурс, диалог, концепт, тілдік тұлға, лингвомәдениет, билингвизм мәселелеріне арналған зерттеулер оқу бағдарламаларын жаңартуға, оқу-әдістемелік кешендер мен авторлық курстарды әзірлеуге, болашақ филологтар мен педагогтердің кәсіби және әдебиеттанымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар түркі және қазақ фольклоры, эпикалық дәстүр, тарихи жырлар, діни және ұлттық-мәдени образдар жүйесін

талдауға арналған жұмыстардың нәтижелері мәдени-ағартушылық қызметте, ғылыми-зерттеу жобаларында, аймақтық және жалпыұлттық мәдени мұраны сақтау мен насихаттауда қолданылуда.

Қорғалған диссертациялар нәтижелерінің практикалық маңыздылығы олардың инновациялық оқыту технологияларын, ақпараттық және цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім беру кеңістігіне енгізілуімен де айқындалады. Әсіресе болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, медиажобалар, лингводидактикалық модельдер, тілдік тұлғаның тезаурусын дамыту, әдебиеттанымдық және мәдениетаралық құзыреттерді жетілдіру бағытындағы зерттеулер білім беруді цифрландыру мен құзыреттілікке негізделген оқыту талаптарына толық сәйкес келеді. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстардың нәтижелері ғылыми қауымдастықта, білім беру ұйымдарында, әдістемелік және қолданбалы практикада тиімді пайдаланылып, филология ғылымының теориялық және практикалық әлеуетін арттыруға, сондай-ақ заманауи әлеуметтік-мәдени үдерістерге сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға қызмет етеді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Қорғалған диссертациялық жұмыстар бойынша ресми рецензенттер ретінде филология, әдебиеттану, педагогика салаларында жұмыс істейтін, тиісті зерттеу бағыты бойынша ғылыми еңбектері бар, диссертациялар тақырыбына зерттеулері жақын жетекші ғалымдар тағайындалды. Олар рецензияларда зерттеу тақырыптарының өзектілігін және олардың жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысын, алынған нәтижелердің дәреже беру қағидаларына сәйкестігін, атап айтқанда, дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, шынайылық, практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды көрсете отырып, диссертациялық жұмыстарға мұқият талдау жүргізді.

Рецензенттер тарапынан диссертациялық зерттеулердің мазмұнына қатысты ескертулер болған жоқ. Ресімдеу бойынша техникалық ескертулер анықталып, ұсыныстар берілді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен рецензенттерді табуға, бекітуге берілген мерзімді ұзарту қарастырылса деген ұсыныс білдіреміз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер 2-кестеде келтірілген:

	6D021400, 8D02304 – Әдебиеттану	6D011800, 8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті	6D020500 – Филология, 8D02307 –	8D02308 – Орыс филологиясы

			Қазақ филологиясы	
Қорғауға қабылданған диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	4/ 0	6/ 0	7/1	1
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Ресми **рецензенттердің теріс пікірін алған** диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша **теріс шешім алған** диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	4	6	8	1

Диссертациялық кеңестің төрайымы _____ Джолдасбекова Б. У.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ Даутова Г.Р.